

## ГЕОГРАФИЯ

*Нұсқау: Сізге берілген төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тапсырмалар беріледі.*

1. Жер бедерінің құрылысы мен формаларын зерттейтін ғылым саласы

- A) метеорология
- B) геоморфология
- C) геоэкология
- D) биогеография

2. Ойконим зерттейтін нысан атаулары

- A) аумақ атауы
- B) көлік жолдары
- C) су нысандары
- D) елді мекендер

3. Ғарыштық суретте берілген географиялық нысан



- A) Балқаш көлі
- B) Арал теңізі
- C) Каспий теңізі
- D) Зайсан көлі

4. Картадағы географиялық мәліметтерді сипаттаушы сандық формада сақталатын мәліметтер жиынтығы

- A) атрибуттық мәліметтер
- B) картографиялық мәліметтер
- C) семантикалық мәліметтер
- D) тақырыптық мәліметтер

5. Жекелеген табиғат қорларын шаруашылықта пайдалану түрі

- A) жергілікті
- B) кешенді
- C) ресурстық
- D) аймақтық

6. Күннен келетін тура және шашыранды радиациялардың қосындысы

- A) жиынтық радиация
- B) радиациялық баланс
- C) шағылысқан радиация
- D) жұтылған радиация

7. Туристтік буклетте төмендегі суреттермен көркемделген дүние бөлігі



- A) Батыс Еуропа
- B) Солтүстік Америка
- C) Латын Америкасы
- D) Шығыс Азия

8. Саванналар және сирек ормандар табиғат зонасы тән климаттық белдеу

- A) субэкваторлық
- B) субтропиктік
- C) субарктикалық
- D) қоңыржай

9. Географиялық қабықта құбылыстар мен үдерістердің белгілі бір уақытта тұрақты қайталану заңдылығы

- A) аоналылық
- B) ырғақтылық
- C) тұтастық
- D) зоналылық

10. «XXI ғасырға арналған жергілікті күн тәртібі» құжатына сәйкес жергілікті деңгейде тұрақты дамудың маңызды аспектісі
- A) биоалуантүрлілікті сақтау
  - B) қырғиқабақ соғысты болдырмау
  - C) экономикалық өсуді тежеу
  - D) халықтар теңсіздігін болдырмау
11. Кельт тіл тобына кіретін халықтар
- A) немістер
  - B) болгарлар
  - C) ирландықтар
  - D) итальяндықтар
12. Даму көрсеткішінде діни фактордың кері әсері бар мемлекет
- A) Жапония
  - B) Португалия
  - C) Қазақстан
  - D) Пәкістан
13. Қазақстанда жер аумағы  $2\,724\,900\text{ км}^2$ , ал халық саны  $18\,610\,000$  адам болса, халық тығыздығын есептеңіз (адам/км<sup>2</sup>)
- A) 6,1
  - B) 6,4
  - C) 6,8
  - D) 6,5
14. Дамушы елдердің демографиялық проблемасы
- A) демографиялық жарылыс
  - B) демографиялық саясат
  - C) демографиялық толқын
  - D) демографиялық жүктеме
15. Қазақстанда мұнай қорының мөлшері – 3,9 млрд. тонна, жылына өндіру – 90 млн. тонна. Ресурспен қамтамасыз етілу кезеңі (жыл)
- A) 40,6
  - B) 48,8
  - C) 43,3
  - D) 50,6
16. Испания және Франция мемлекеттерімен шекаралас монархия
- A) Монако
  - B) Лихтенштейн
  - C) Андорра
  - D) Дания

17. 2016 жылы Тунисте туу – 25‰, ал өлім – 7‰ болса, табиғи өсім мөлшері
- A) 3,6‰
  - B) 3,5‰
  - C) 17‰
  - D) 18‰
18. Гималай тауларын қалыптастырған литосфералық плиталар
- A) Оңтүстік Америка және Наска
  - B) Үнді-Аустралия және Еуразия
  - C) Тынықмұхиттық және Еуразия
  - D) Тынықмұхиттық және Оңтүстік Америка
19. Тұтыну көлеміне қарамастан сарқылатын ресурстар
- A) климаттық
  - B) геотермальдық
  - C) минералды
  - D) Күн энергиясы
20. Скандинавия түбегінің жылы әрі ылғалды болуына әсер ететін мұхит ағысы
- A) Лабрадор
  - B) Солтүстік Атлант
  - C) Куроисио
  - D) Оңтүстік Пассат
21. Топырақ құнарлылығын арттыруға бағытталған шаралар жиынтығы
- A) деградация
  - B) химияландыру
  - C) мелиорация
  - D) рециклинг
22. Қытай халқының жалпы саны 1364,1 млн адам, урбандалу деңгейі 54%, ауыл халқының саны (млн.)
- A) 624,5
  - B) 627,5
  - C) 250,1
  - D) 561,1
23. Инфрақұрылым жүйесіне енетін сала
- A) энергетикалық
  - B) ауыр өнеркәсіп
  - C) байланыс
  - D) жеңіл өнеркәсіп

24. Оңтүстік Азияның даму деңгейі төмен ел

- A) Тайвань
- B) КХДР
- C) Ауғанстан
- D) Сирия

25. Шаруашылықты орналастырудың заманауи факторы

- A) еңбек ресурстары
- B) ғылым
- C) тұтынушы
- D) табиғи-ресурстық

*Нұсқау: Сізге контекст негізіндегі ұсынылған төрт жауаптан бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары беріледі.*

### **Ғаламдық проблемалар**

XXI ғасырдағы ең өзекті мәселелерінің бірі ғаламдық экологиялық проблемалар. Ғаламдық проблемалар ауқымы бойынша жергілікті жерден бастап күллі әлем дейінгі аралықты қамтуда. Осындай проблемаларға демография, бейбітшілікті сақтау, табиғи ортаның бұзылуы, азық-түлік дағдарысы, энергетикалық тапшылық тағы басқалар жатады.

26. Қытайда ерекше қорғауға алынған, сирек кездесетін жануар

- A) коала
- B) ехидна
- C) қойөгіз
- D) панда

27. Ғаламдық деңгейдегі экологиялық проблема

- A) Каспий теңізінде итбалықтың азаюы
- B) Капустин-Яр әскери полигонының жұмысы
- C) Арал теңізінің тартылуы
- D) Теміртау қара металлургия комбинатының жұмысы

28. Атмосфераның төменгі қабатында температураның көтерілуінен пайда болатын құбылыс

- A) фотохимиялық тұман
- B) қышқыл жаңбыр
- C) жылыжай эффектісі
- D) топырақ деградациясы

29. Жаһандық экологиялық мәселелерді шешуде ерекше рөл атқаратын ұйым

- A) АСЕАН
- B) ФАО
- C) НАТО
- D) БҰҰ

30. Жылыжай эффектісінің қалыптасуы

- A) полярлық аудандарда мұздықтардың еруі
- B) ауа құрамында азоттың көбеюі
- C) дүниежүзілік мұхит суларының көтерілуі
- D) ауа құрамында көмірқышқыл газының көбеюі

*Нұсқау: Сізге сәйкестікті анықтауға арналған тапсырмалар беріледі.*


31. Тау жыныстары тобын мысалдарымен сәйкестендіріңіз

А)	метаморфтық	гранит
		мәрмәр
		көмір
		мұнай
В)	магмалық	гранит
		мәрмәр
		көмір
		мұнай

32. Тау-кен өнеркәсібін түрлерімен сәйкестендіріңіз

А)	отын-энергетика	көмір, мұнай
		табиғи газ, қорғасын
		вольфрам, молибден
		аллюминий, қорғасын
В)	легирлеуші металл	көмір, мұнай
		табиғи газ, қорғасын
		вольфрам, молибден
		аллюминий, қорғасын

33. Ауа массаларын қасиетіне қарай сәйкестіріңіз



А)	тропикалық	өрлеген ауа ағыны басым
		төмендеген ауа ағыны басым
		қысымы жыл бойы жоғары
		ылғалдану дәрежесі өзгеріп тұрады
В)	қоңыржай	өрлеген ауа ағыны басым
		төмендеген ауа ағыны басым
		қысымы жыл бойы жоғары
		ылғалдану дәрежесі өзгеріп тұрады



34. Дүниежүзі елдерін экономикалық топтарына байланысты сәйкестендіріңіз

А)	қоныс аударған капитализм елдері	Малайзия, Тайланд
		Мальта, Кипр
		Куба, Сальвадор
		Аустралия, Израиль
В)	плантациялық шаруашылық елдері	Малайзия, Тайланд
		Мальта, Кипр
		Куба, Сальвадор
		Аустралия, Израиль

35. Дүниежүзі елдерінің жастық құрамын ерекшеліктеріне байланысты сәйкестендіріңіз

А)	Тұрақты тип	халықтың санында балалар үлесінің жоғары болуы
		балалар мен егде адамдар санының тепе-теңдігі
		халықтың санында егде адамдар үлесінің артуы
		халықтың санында ерлердің үлесінің артуы
В)	Алға басушы тип	халықтың санында балалар үлесінің жоғары болуы
		балалар мен егде адамдар санының тепе-теңдігі
		халықтың санында егде адамдар үлесінің артуы
		халықтың санында ерлердің үлесінің артуы

*Нұсқау: Сізге бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар беріледі.*

36. Қазақстанның дағдарысқа түскен аймақтарының экономикалық-экологиялық мәселелері мен табиғи жағдайына баға берген қазақстандық эконом-ғалым(-дар)

- A) Н.Н. Пальгов
- B) Ж.А. Айталиев
- C) Ш.М. Надыров
- D) А.П. Горбунов
- E) Г.К. Қоңқашбаев
- F) Қ.И. Сәтбаев

37. Экран бетіне картаны шығару тәсіл(-дері)

- A) дискретті
- B) векторлық
- C) диодтық
- D) растрлық
- E) сандық
- F) метриялы

38. Географиялық қабықты құраушы аса ірі табиғат кешен(-дері)

- A) түбектер
- B) таулар
- C) өзендер
- D) мұхиттар
- E) аралдар
- F) материктер

39. Дүниежүзінің саяси картасында аралдық елдің астанасы(-лары)

- A) Бразилиа
- B) Берлин
- C) Мехико
- D) Рейкьявик
- E) Веллингтон
- F) Каракас

40. Құқықтық нормалары мен принциптеріне сәйкес келісімшартпен құрылған елдердің бірігуі

- A) халықаралық экономика
- B) халықаралық қаржы
- C) халықаралық сауда
- D) халықаралық ұйым
- E) халықаралық банк
- F) халықаралық жүйе

**ГЕОГРАФИЯДАН СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**